



ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ҰЛЫ ДАЛА ДАНАЛАРЫ

Халықаралық Workshop

24-27 сәуір 2019 ж.

Международный Workshop

ТЮРКСКИЙ МИР: МЫСЛИТЕЛИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

24-27 апреля 2019 г.

The International Workshop

THE TURKIC WORLD: THINKERS OF THE GREAT STEPPE

24-27 April 2019



«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы шеңберінде
XXII «Аханов оқулары» аясында
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдығы мен
белгілі түркітанушы ғалым А.С. Аманжоловтың
85 жылдық мерейтойына арналған
ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ҰЛЫ ДАЛА ДАНАЛАРЫ

атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ WORKSHOP

24-27 сәуір 2019 ж.
Алматы – Тараз, 2019

XXII «Ахановские чтения»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ WORKSHOP
ТЮРКСКИЙ МИР: МЫСЛИТЕЛИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ,
посвященный 85-летию со дня основания КазНУ им. аль-Фараби и
85-летию со дня рождения известного ученого-тюрколога А.С. Аманжолова
в рамках программы «Семь граней Великой степи»
24-27 апреля 2019 г.
Алматы – Тараз, 2019

XXII «Akhanov readings»
INTERNATIONAL WORKSHOP
THE TURKIC WORLD: THINKERS OF THE GREAT STEPPE
in the framework of the project «Seven Sides of the Great Steppe»,
dedicated to the 85th anniversary of the founding
of Al-Farabi Kazakh National University and
the 85th anniversary of the birth of famous turkologist A.S. Amanzholov
24-27 April, 2019
Almaty – Taraz, 2019

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 85 ЖЫЛ	3
АТАҚТЫ ТҮРКІТАНУШЫ-ТІЛШІ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМ А.С. АМАНЖОЛОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ	8
ҒАЛЫМ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУЛАР / СЛОВО ОБ УЧЕНОМ	9
ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ АЛТАЙ СӘРСЕНҰЛЫ АМАНЖОЛОВҚА ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР ПОЭТИЧЕСКИЕ ПОСВЯЩЕНИЯ УЧЕНОМУ-НАСТАВНИКУ АЛТАЮ САРСЕНОВИЧУ АМАНЖОЛОВУ	11

ҒАЛЫМ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУЛАР / СЛОВО ОБ УЧЕНОМ

<i>Мадиева Г.Б.</i> Алтай Сарсенович Аманжолов – ценности ученого	17
<i>Мадиева Г.Б.</i> К юбилею Какена Ахановича Аханова	19
<i>Mustafaoğlu Rauf</i> A.S. Amanjolov'un kazakça-rusça dilbilim terimleri sözlüğü'nün incelenmesi.....	22
<i>Салқынбай А.Б., Каспихан Б.К.</i> Ұлттық мүдде үшін жазылған ұлық мұра иесі.....	29
<i>Саурықов Е.Б., Молгаждаров Қ.К.</i> Ұлы даланың ұлы перзенті хақында.....	34
<i>Сапашиев Ораз</i> Көне түрік эпиграфикасы мен палеографиясының генезисі мен даму жолдарын зерттеудің маңызды тұстары.....	40
<i>Бектемірова С.Б.</i> Ұлы даланың дарабоз ұлы	48
<i>Жамбылқызы М.</i> Үлгі боларлық дара тұлға!	55

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР / НАУЧНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ

<i>Атабаева М.Т.</i> Тюркский мир, возрожденная идея	58
<i>Әбдіқадыр И.Ә.</i> Ғылыми жетекші: Досанова А.М. Репатриант-қазақтардың қазақстандағы тіл жүйесіне бейімделуі	61
<i>Әбдіманапова М., Сарсенбаева М.</i> Фразеологизмдер және сөз таптары	66
<i>Байболат Ф.У.</i> Ғылыми жетекші: Р.Б. Борааш Білім мазмұнын жаңарту жағдайында өзге ұлт мектептеріндегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұны	70

Әбдікадыр И.Ә.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
1-курс PhD докторанты
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: indira.kaznu@gmail.com
Ғылыми жетекші:
Филол.ғ.д. Досанова А.М.

РЕПАТРИАНТ-ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ ЖҮЙЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ

Түйіндеме: Отанымызға қайта оралған репатриант-қазақтардың бейімделуі, олардың туған жеріне сіңісуі, қазақ және орыс тілдерін игеруі әлі күнге дейін маңыздылығын тоқтатқан жоқ. Репатриант-қазақтардың қазақ тіліне, қазақ мәдениетіне, салт-дәстүрімізге әкелген зор ақпараты мен құндылықтары баршылық бола тұра, еліміздегі тілдік жүйеден, әсіресе қарым-қатынас тілі – орыс тілінен қиналуда. Қазіргі этникалық қазақтар – репатриант-қазақ балалары тілдерді зерек қабылдауы, олардың болашағына зор үміт сыйлайды. Репатриация жағдайында бейімделу климаттық, мәдени, әлеуметтік, тілдік, этникалық және діни өзгешелік, материалдық және тұрмыстық және басқа да факторлардың көптігімен күрделенеді. Бала жаңа орналасқан ортадан өз мәдениетімен ерекшеленеді, тілін білмейтін, не нашар білетін, сондай-ақ, тілге негізделген психологияны білмейтіні анық. Оралман-балалардың бейімделуде және ілесудегі барынша проблемасы тілдік және әлеуметтік мәдени кедергілермен байланысты. Сондықтан оралман-балалардың білім берудің, мәдени-бос уақыт және әлеуметтік қызметтің әр түрлеріне сәтті икемденуіне кедергі жасайды. Оралман-балаларға өзінің ойын, психологиялық бағдарларын өзгерту, тәртіптің жаңа қағидасын игеру оңай болмайды.

Кілт сөздер: репатриант-қазақтар, бейімделу, репатриация, оралман, мәдени кедергі, этникалық-қазақтар

Резюме: Возвращение на родину – адаптация казахов, их адаптация к родине, развитие казахского и русского языков до сих пор не перестали быть значительными. Репатрианты-казахи несмотря на то, что обладают большой информацией и ценностью в казахском языке, казахской культуре, традициях и обычаях, языковая система в нашей стране, особенно язык общения, является русским. Современные этнические казахи – репатрианты – казахские дети очень надеются на свое будущее. Адаптация к репатриации будет осложнена широким спектром климатических, культурных, социальных, языковых, этнических и религиозных различий, материальной и повседневной жизни и многими другими факторами. Ясно, что ребенок отличается от новой среды, часто от бедных, социально незащищенных, необразованных или неграмотных в школьной системе, и не знает языковой психологии. Оралман – самая проблематичная адаптация и сопровождение детей, связанная с языковыми и социокультурными барьерами. Именно поэтому оралманы препятствуют успешной адаптации детей к образованию, культурным, досуговым и социальным мероприятиям. Репатриант-детям нелегко изменить свою игру, психологическую направленность, выработать новый принцип дисциплины.

Ключевые слова: репатрианты-казахи, адаптация, репатриация, оралман, культурный барьер, этнические казахи

Summary: Returning to our homeland – the adaptation of Kazakhs, their adaptation to the native land, the development of Kazakh and Russian languages have still not ceased to be significant. Repatriate-Kazakhs despite the fact that the Kazakhs have a great deal of information and value in the Kazakh language, Kazakh culture, traditions and customs, the language system in our country, especially the language of communication, is Russian which they find difficulties. Modern ethnic Kazakhs – repatriates Kazakh children have a great deal of hope for their future. Adaptation to repatriation will be complicated by a wide range of climatic, cultural, social, linguistic, ethnic and religious differences, material and everyday life and many other factors. It is clear that the child is different from the new environment, often from the poor, socially unprotected, uneducated or

illiterate of the school system, and does not know language-based psychology. Oralman - the most problematic of adaptation and accompanying children is related to language and social cultural barriers. That is why oralman prevent the successful adaptation of children to education, cultural, leisure and social activities. Oralman - it is not easy for children to change their play, psychological orientation, develop a new principles of discipline.

Keywords: repatriate-Kazakhs, adaptation, repatriation, oralman, cultural barrier, ethnic Kazakhs

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы оралмандардың өздерінің тарихи отанына жаппай оралуына бастама болды. Әсіресе бұл үдеріс 1992 жылғы 26 маусымында «Көші-қон туралы» заң қабылданғаннан кейін ұлғая бастады [1].

Қазақ тілін, қазақ мәдениетін, қазақ өнері мен ұстанымдарын барынша байыттып толықтырып, еселеп жатқан оралмандар әулеті деуге болады. Ұлтымызды тұтастыратын ана тіліміздің бай қоры Республикамыздан тыс жерлерде мол сақталған. Алыстан келген репатриант-қазақтар байырғы бай, ұзын да ұғынықты өткір, асыл қазақ тілінің қаймағын бұзбай қайтадан өзімізге әкелушілер. Олармен бірге қазақ тілі, ата-баба салты ғана емес, әлемдік өмір, тәжірибе, ақпарат, білім де көшіп келуде. Оралман бауырлардың жат елде жинақтаған, түйіндеген, игерген мәдени құндылықтары бізге аса қажет.

Қазақстан Республикасының этникалық қазақтарды тарихи отанына репатриациялау бойынша тұжырымдамасында қазақ қоғамындағы оралмандардың тез интеграциялануын қамтамасыз ету, оралмандар үшін арнайы бейімделу курстарын ұйымдастыру, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін және Қазақстан Республикасының халықаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілін оқыту қарастырылған. Орыс тілі бүкіл қазақ елінде функционалды тіл ретінде таралғандықтан, оралмандардың табысты еңбек нарығына интеграциялануы, сонымен қатар, олардың елдің әлеуметтік және мәдени өміріне енуі қиындық туғызады.

Сонымен қатар оралмандар негізгі екі объективті қиындықтарға тап болады. Атап айтқанда Қазақстан қоғамында оралман-қазақтардың тілдік бейімделуіне тікелей қатысы бар екі негізгі қиындықтармен кездеседі: біріншіден, ана тілі – қазақ тілін меңгеру/меңгермеу ерекшеліктері, екіншіден, қазақ репатрианттардың орыс тілін білуі/толық білмеуі. Солтүстік өңірлерде жұмыс іздегенде және жұмысқа орналасқанда орыс тілін жетік білмейтін, не болмаса мүлдем білмейтін оралмандарға үлкен қиындық тудырады, оңтүстік аймақтарда орыс тілін білмеу соншалықты кедергі болмайды, дегенмен де, бұл өңірде де қазақ репатрианттар үшін тілдік кедергілер болуы мүмкін. Қазақ тілін жетік меңгеріп, бірақ орыс тілінде сөйлей алмаса, жақсы жұмысқа орналасуына ешкім кепілдік бермейді. Тіл факторы оралмандардың тұрғылықты жерді таңдауына айтарлықтай әсер етеді. Үкіметтің мигранттарды солтүстікке жіберетіні және сол жаққа барғандарға көп жәрдемақы ұсынып отырғаны мәлім. Бұл маңызды шарттар репатрианттардың қай елден келгеніне және қандай тілдік дәстүр мен қандай тілдік тәжірибеге ие болғандығына байланысты болады.

Тілді білмейтін, түсінбейтін репатриант-қазақтар үшін жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу да үлкен шешімін таппай отырған мәселелердің бірі. Жұмысқа орысша білмейтіндергі қарағанда аз да болса білетіндері тезірек орналаса алады, бірақ бұл жағдай Республика көлемінде әр өңірде бірдей емес, мысалы солтүстік өңірлерде орысша білу аса қажет болса, оңтүстік өңірлерде аса қиындық туғыза қоймайды. Себебі, оңтүстікте халық тығыз орналасқан, халық қазақы қалпын сақтаған, салт-дәстүр мен әдет ғұрыптарға үлкен мән береді, нағыз қазақша сөйлейтін орта.

Репатриант-қазақтар басқа өңірлерге қарағанда оңтүстікке көбірек қоныстанғандары да сондықтан болар. Алайда, бұл жерлерде де олардың жергілікті халықпен тез сіңісіп, бейімделіп кетуі үшін біраз уақыт керек. Осы айтылып отырған екі жағдай, яғни оларда байқалатын айырмашылық тілді білмеу – өз кезегінде олардың бейімделуін тежейтін басты кедергілер. Қазақстанның жазу жүйесін білмеу салдарынан олар өздеріне керекті құжаттарды толтыруда, виза рәсімдеуде, мемлекеттен бөлінген квоталарды, азаматтық алу жөніндегі ықтияр хаттарды толтыруда, сондай-ақ қажетті ақпарат алуда орасан зор қиындықтар әкелуде.

[2,61]

Жаңа м
бойынша да
сөйлеу әре
дамытуды е
оқытуды к
Әдеттегідей
еркін сөйл
жазу дағді
елдерде о

Дәст
дамытуды
жоғары б
білім ал
көптеген
сонымен
ойлауды

О
өздерін
балала
кәсіпті
жұмыс
эконо
«тене
баста
мазм
Өзбе
түрд
біле
сон

кел
жа
мо
қа
қа
эл

а
т
с

Жаңа модельдік білім беру бағдарламалары бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша дайындалған жаңа бағдарламалар деңгейлік оқытуды талап етеді. Сонымен қоса, сөйлеу әрекетінің төрт түрінің (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дағдыларын дамытуды ескеруді қажет етеді. Бұдан басқа, тілдік білім берудегі осындай тәсіл көстілде оқытуды көздейді. Ең алдымен оралман-балалар - этникалық қазақтар болып табылады. Әдеттегідей олар қазақ тілінде оқытатын мектептерде білім алады. Сонымен қатар, қазақша еркін сөйлейтіндердің басым көпшілігінің тарихи отанына келгенде қазақ тілінде оқу және жазу дағдылары қалыптаспағаны мәлім. Себебі көптеген жағдайларда оралмандар шыққан елдерде оқыған графикалық жүйелердің әр түрлі болуына байланысты болып отыр.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде балаларды біліммен қамтамасыздандыру отбасын дамытудың негізгі ынталандырушысы болды, себебі қоғамдағы білімді адамның мәртебесі өте жоғары болды. Көптеген жағдайларда бұл қазіргі заманғы қазақтардың жас ұрпаққа жоғары білім алуға қол жеткізуін айқындайды. Этникалық репатриант-оралмандар, осы жолда көптеген қиыншылықтарға тап болады, оларды жеңу тек мемлекеттік араласуды ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы теориялық және әдіснамалық көзқарас тұрғысынан сыни ойлауды талап етеді.

Оралман отбасылары өздерінің тарихи отанына көшудің басты мотивациясы ретінде өздерінің отбасылық мәдени ортасында және одан әрі әлеуметтік жетістіктерге өз балаларының қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді. Бұл қажетті кәсіптік дағдыларды және жоғары оқу орнын аяқтағанын растайтын құжат алу арқылы, жұмысқа орналасуға өтініш бере алады. Қазақстан үкіметі, өз кезегінде, білімді әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің «теңсіздік» бастауындағы, алға жылжу мүмкіндіктерінің «теңестіру» арналары мен құралдарының бірі ретінде қарастырады. Бұл жердегі «теңсіздік» бастауы деп көшіп келген оралмандардың түрлі елдеріндегі білім беру жүйесіндегі және мазмұнындағы айырмашылықтарды айтады. Бұрынғы КСРО елдерінен келген мигранттар – Өзбекстанның, Ресейдің, Түрікменстанның кеңестік білім беру жүйесі арқылы өтіп, жеткілікті түрде (кейбір ерекшеліктерімен) орысша сөйлеп, бұрынғы кеңестік қиындықтарды жақсы біледі. Моңғолиядан шыққан оралмандар кейбір ұқсастықтарға – кириллицадағы қазақ тіліне, сондай-ақ білім жүйесінің көптеген компоненттеріне ие.

Қазақ тіліндегі жазбаша және оқу мәтіндеріндегі көптеген қиындықтарды Қытай елінен келген репатриант-қазақтар көруде (ҚХР-да араб әріптері пайдаланылады – төте жазу), жазбаша қазақ тілінің құрылымындағы жаңалықтар (фонетика, синтаксис, орфография, морфология, лексика семантика) қиындықтар туғызады. Дегенмен, олар үлкен бейімделу қабілетін көрсететіні экономикалық сала (жеке кәсіпкерлік, сауда) жаңа білімді меңгеру қабілетін дәлелдейді. Жалпы, оралмандардың көпшілігі бірнеше ұрпақ жинақтаған жоғары әлеуметтік және мәдени капиталды көрсетеді.

Бабаларымыздың «ойдан» шығарған жері мен қазақстандық қоғамның қазіргі заман ақиқаты арасындағы айырмашылықтан «мәдени есенгіреу» алады. Қазақстан шекарасынан тыс жердегі аға буын оралмандар (бірінші репатрианттардан кейін екінші буын пайда болады) өз балаларында мәдени капиталды қалыптастырады және бұл танымдық пен әлеуметтік ықпалға әсер етеді. Оралмандар мәдени жағынан өздерінің білімдерін жеткілікті деп санайды, өйткені олар дәстүрлі және алғашқы қазақ мәдениетінің тасымалдаушылары. Ел мен халыққа, сонымен қатар, шыққан елі бойынша да олардың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі қалыптасқан, сондықтан олар өздері мен балалары үшін қай жер ыңғайлырақ болатынын әрқашан салыстырады. Көшіп келгеннен кейін елде өмір сүру үшін тілдік құзыреттілік (қазақ тілін жақсы білу) қажет емес екенін біледі, себебі қарым-қатынас жасау үшін жұмыс тілі болып орыс тілі саналады;

Отандық білім осы күнге дейін бір тілде, қазақ немесе орыс тіліндегі іргелі білімге негізделген. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі практикалық-бағдарланған көптілді мамандардың тапшылығын жоюды қажет етеді. Бүгінгі қажеттілік кәсіби қызметке тез бейімделе алатын, шетелде оқып тағылымдамадан өте алатын, соның ішінде шетел тілін меңгерген мамандардың пайдасына ауысты. Маңызды ғылыми зерттеулер мен кең қоғамдық

пікірталастар негізінде жұмыс берушілердің және академиялық қоғамдастықтардың білім құзыреттіліктерге деген сұраныстары басым. Үштілділік білім үдерісінің нәтижесі негізгі мақсаты болып мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Үштілділік білімдегі басты құндылық – мәдениаралық дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын анықтау, шешім қабылдау және типтік/типтік емес жағдайларда әрекет жасау мүмкіндік беруі. Мұғалімнің ұстанымы да түбегейлі өзгерді. Яғни оқушыға оқулықпен бірге тілде беретін «объективті білімнің» ұсынушысы болуын тоқтатады. Оның негізгі міндеті тілдік білімді меңгеруге білім алушыларды ынталандыру. Ол шетел тілі пәнінен сабақ беретін мұғалімдермен бірге өздігінен жұмыс жасауды ұйымдастыруы тиіс, онда әркім өз қабілетін мен мүдделерін іске асыра алатындай болуы керек. Шын мәнінде, ол білім алушылардың белгілі бір құзыреттіліктерін, интеллектуалдық және басқа да қабілеттерін дамыту деңгейін қалыптастыра алатындай көптілді білім беру ортасын құрады.

Өздерінің тұрғылықты мекен жайларын өзгерткен барлық адамдар, өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде белгілі бір деңгейде қиындықтармен кездеседі, олардың іс-әрекетін алдын-ала айту өте қиын. Бұндай оқиғаға кезігетіндер этникалық қазақтар, біздің отандастарымыз, Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан бастап 70 мың адам келген. Алайда, алғашында бірінші көшкіндерді қабылдағанда, олар негізінен ауқатты отбасылары өкілдері мәдени шок белгілерін көтере алмай өздерінің тарихи отандарын қалдыруға мәжбүр болды. Қазіргі таңда негізінен тарихи отандарында өздерінің әлеуметтік экономикалық жағдайларын жақсарту мақсатында материалдық жетістіктері төмен отбасылар оралуы [3,1].

Қазақ қоғамында олар үшін жетістікті интеграциялануы үшін, қазір мемлекет бейімделу орталықтарын жасап жатыр, онда тілдерді оқыту курстары (қазақ, орыс), заңдылықтарға сонымен қатар, кириллицаны үйрету ұйымдастырылады. Олардың барлығына қарамастан тұрғылықты халық пен оралмандар арасында «мәдени алшақтық» факторлары көрініс табуы.

Оралмандардың бейімделу жетістіктері жеке және топтық факторлармен бейнеленеді. Жеке факторларға демографиялық (жасы, жынысы, білімі) және адамның тұлғалық ерекшеліктері, оның мотивациясы, өмірлік біліктілігі, коммуникациялық жаңалықтарды меңгерулері жатады.

Кішкентай балалар тез және нәтижелі бейімделеді, олар ата-аналарына қарағанда әлдеқайда жылдам жаңа ортаға сай мәдени нормалар мен құндылықтарды қабылдайды [4,1].

Тіл – кез келген қарым-қатынастың негізгі құралы. Сондықтан интеграция өте маңызды. мигранттардың өздері барған елдің тілін білуі, оны қаншалықты игергендігі, мәдениетіне араласуы бейімделудің басты көрсеткіші бола алады. Мұндай жағдай қоғамдағы татулық пен ынтымақтастық, ауызбіршілік пен тұрақтылыққа әкелетіні анық. Репатриант-қазақтардың алдында тұрған бірінші міндет – Қазақстандағы тілдік жағдайға түсіністікпен қарап, қазіргі қазақ тілі және орыс тілдерін үйрену мәселесіне аса көңіл бөліп, яғни әлеуметтік қажеттілікті өтеу барысында тілдік бейімделу үрдісінен тез өтіп, Қазақстан қоғамында толыққанды өмір сүру.

Ал құзырлылыққа бағытталған тіл үйрету сабақтарының негізгі студенттердің үйренуші тілдегі қарым-қатынасқа кез-келген адекватты жағдайда әңгіменің тақырыбы мен мазмұнына сай араласа алу қабілетін дамыту, яғни қандай жағдай болмасын өз ойын білдіріп, өзгелерді дұрыс түсінуге үйрету. Бұндай оқыту түрі белгілі бір оқыту моделі мен студенттердің тілдік қажеттілік пен жеке қызығушылығына бағытталған оқу материалдарын, арнайы оқу құралдарын, оқыту формасын керек етеді. Әрине мұндай оқыту түрі репатриант-қазақ балаларына да тікелей қатысты болмақ.

Қазіргі оқыту құрылымының дәстүрлі әдісінде келесідей жіктеліс бар: оқыту құралдарына (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, сөйленістік, этномәдениеттік) және оқушылардың тілдік қарым-қатынас құзыретіне қажетті дағдылар мен кешенді білім жиынтығы.

Кешенді білім жиынтығына, біздің ойымызша, біріншіден: мақсатты бағдарламалар, оқыту кезеңдері, тілдік деңгей, сағат саны, практикалық және аудиториядан тыс сабақта:

екіншіден, барлық тілдік қызметтің тыңдалым, сөйлеу, оқу, жазу сияқты, сонымен қоса қазақ және орыс тілдерінің ерекшелігін таныту жатады.

Қоғамдағы тілдік бейімделу үдерісінің қарқындылығы әрбір студенттің бейімделудің себебі бұл жерде олардың Қазақстан мемлекетінде жүрген уақыт аралығы мен ішкі сыртқы факторлардың айтарлықтай әсеріне қатысты болады. Қазақ тілін оқытудың ерекшелігі, оның рөлі мен атқарар қызметі маңызды. Кириллица жазу жүйесі оқуға келегін тыңдаушылардың тыңта-жігерін бірден басып тастайды. Өзге әліппемен білім алып келген тыңдаушыларға қазақ тілін үйрету мақсаты туындайды.

Қазақ тілін үйретудің негізгі мақсатының бірі – орфографиялық жазылу нормасын, грамматикалық сауаттылықты қалыптастыр, дұрыс сөйлей алу мен дұрыс ойлай білуге машықтандыру. Себебі мәдениетті сөйлеу дегеніміз адамның сауаттылығының, білімділігінің көрсеткіші. Сөйлеу мәдениетінің шарты – оқыған материалды немесе айтылмақ ойды, дауыс ырғағына салып дұрыс дыбыстау. Қазақ тілін оқытуға арналған бағдарламалар олардың ана тілінде емін-еркін сөйлеуіне, сауатты жазуына негізделіп құрастырылады. Қазақ тілі пәні оқытушылары әр оқу жылының басында келегін тыңдаушыларға қазақ графикасын, орфографиясы мен пунктуациясын, сөздік қорын дамыта отырып, ҰБТ-ға дайындайды. Тыңдаушылардың сөздік қорында көптеп кездесетін қытай, моңғол, өзбек, түрік сөздерін қолдануы, сөйлеген кезде дауыс ырғағының жылдамдығы, дыбыстауда кездесетін, жазудағы қиындықтардан арылу үшін көп машықтанып, үнемі жаттығып отыру шарт.

Сонымен қатар, орыс тілін оқыту тыңдаушыларға мәдениаралық қарым-қатынастың қысқа курстарында жүзеге асыруға болады. Алайда, ол үшін тыңдаушылардың тілді білу деңгейін анықтау керек. Оқытудағы қарым-қатынас мазмұнының негізгі және басты факторы – жеке тұлғаның өзіндік қызығушылығы мен қажеттілігі болып табылады. Алыс-жақын шетелдерден (Қытай, Моңғолия, Түркия т.б.) Қазақстанға білім алуға келегін репатриант-қазақ студенттер үшін орыс тілі жұмыс тілі, білім тілі болып есептелетіндіктен, олардың кәсіби дайындықтарының сапасы орыс тілін қаншалықты игергендігіне байланысты болып тұр. Қазақ және орыс тілдері бойынша оқу бағдарламасында оқылатын пәндер тізімі берілген [2, 121].

Оралман-балаларды қабылдаған мектеп, жаңа ортаға келген олардағы «көштің есеңгіреуін» жоюға, балаларды өзгермелі өмір сүру жағдайына, білім беру, әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектесуі қажет. Балалардың жаңа ортада қауқарсыз, тәуелді, оларға физикалық тіршілік ету үшін ғана емес, сонымен бірге психологиялық және әлеуметтік аман-саулықта және сәтті бейімделуі үшін ересектердің қолдауы керек. Жаңа әлеуметтік ортаға адамның оңтайлы енуінің негізгі шарттарының бірі өзгермелі ортаның жағдайына тұлғаның белсенді ілесу үдерісі болып табылады, яғни әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік – мәдени бейімделу. Бейімделу тірі организм мен орта арасындағы қатынасты сипаттайтыны мәлім. Репатриация жағдайында бейімделу климаттық, мәдени, әлеуметтік, тілдік, этникалық және діни өзгешелік, материалдық және тұрмыстық және басқа да факторлардың көптігімен күрделенеді. Қоныс аударушылардың балалары өте қиын жағдайда болады: бала жаңа орналасқан ортадан өз мәдениетімен ерекшеленеді; көп жағдайда қоғамның аз қамтылған тобынан шыққан, әлеуметтік қорғалмаған, мектеп жүйесінің тілін білмейтін, не нашар білетін, сондай-ақ, тілге негізделген психологияны білмейтіні анық. Оралман-балалардың бейімделуде және ілесудегі барынша проблемасы тілдік және әлеуметтік мәдени кедергілермен байланысты. Сондықтан оралман-балалардың білім берудің, мәдени-бос уақыт және әлеуметтік қызметтің әр түрлеріне сәтті икемденуіне кедергі жасайды. Оралман-балаларға өзінің ойын, психологиялық бағдарларын өзгерту, тәртіптің жаңа қағидасын игеру оңай болмайды [3, 1].

Қазақстанға келмес бұрын қандастарымыз осындай жайттардың себебінен қиналатындарын сезді ме екен? Алайда, біздегі оралмандардың мигранттардан басты ерекшелігі – олар өзге ұлттық ортаға түскен жок, керісінше, өздерінің туған отанына оралды. Бірақ бұл жердің тілдік жағдайы алуан түрлі, өзіндік мәдени құндылықтармен ерекшеленген,

ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ҰЛЫ ДАЛА ДАНАЛАРЫ

яғни олардың танымына жат орта болды. Ендігі кезекте репатриант-қазақтар үшін бір жағынан, өзінің ортасы, яғни қазақ тілі, қазақ мәдениетіне, екінші жағынан өзге тілді, өзге мәдени ортада әлеуметтенуі керек болды.

Әдебиеттер:

1. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі N 477-IV Заңы //adilet.zan.kz. 26.06.2018.
2. Досанова А.М. Этникалық қазақтардың тілдік интеграциясы мен бейімделуі. – Алматы, 2016. 61-121б.
3. Есказинова Ж.А. Мектепте білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оралман-балаларда қостілде оқытудың дидактикалық негіздері, Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қарағанды, 2018. – 6-14 б.
4. Амитов С.А. Оралмандардың қазақстан қоғамына әлеуми-мәдениеттік бейімделуін кезеңдері. – ҚазҰУ хабаршысы, Алматы, 2009. <https://articlekz.com/kk/article/17584>